Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі П. Оргараев көшесінің күрделі жөндеу жұмыстарына ведомстволық сараптама жүргізу қызметтері бойынша

Түсіндірме жазба

Жаңақорған кенті әкімі аппараты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 25 тармакшасына сәйкес, Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентіндегі П.Оргараев көшесінің күрделі жөндеу жұмыстарына ведомстволық сараптама жүргізу қызметтері (құны 3 564 285 теңге 71 тиын ҚҚС-сыз), мемлекеттік сатып алу әдісіне асырылғалы отыр.

Қазақстан Республикасының «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 1-бабы 13-3 тармағында – жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу, жол активтерін басқару, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар, сондай-ақ автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жүргізу, жөніндегі функциялар жүктелген, автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қарамағындағы заңды тұлға делінген.

Осы, ретте, Жаңақорған кентінің автомобиль жолдарын жөндеу обьектілерінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметтеріне өнім беруші болып «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны айқындалған.

Жаңақорған кенті әкімінің м.у.а **А.Тұрғанбаев**